

Аяттар мен хадистер аясында

ИМАН НЕГІЗДЕРІ

Др. Исмаил ЙЫЛДЫЗ

Алматы 2012

УДК 28
ББК 86.38
И 48

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы тарапынан мақұлданған**

Бас редактор: Нұрбол ШАЙҚЫҰЛЫ
Сарапшы редактор: Бақыт ТОЙШЫБАЕВ
Қазақ тіліне тәржімалаған: Жайна РЫСБЕКОВА
Көркемдеуші: Жандар РАШИТҰЛЫ

И 48 Аяттар және хадистер аясында ИМАН НЕГІЗДЕРІ
/ И. ЙЫЛДЫЗ; ауд. Ж. Рысбекова; бас ред. Н. Шайқыұлы
- Алматы: «Хикмет» баспа үйі, 2012. - 64 б.

ISBN 978-601-7094-71-3

Иман етпегендер қанша рахат өмір сүріп жатса да мақсат-мұраты, ізгі ниеті болмағандығы үшін құрдан құры босқа уақытын бос сенімдермен өткізуде. Өлімді қанша ұмытуға тырысса да иманның болмауы себепті, адам әрбір минут сайын әрдайым өлім және ақыретті ойлаудан өзін-өзі тыя алмайды.

Адамзатты дүние және ақыретте бақытты ететін жалғыз тура жол бар, ол – Ислам. Ислам – иман етумен бастау алады. Дұрыс иманға ие болу үшін адамның неге, қалай иман ету керектігін білуі қажет. Қолыңыздағы осы кітап «неге, қалай иман келтіру» керектігін қолға ала отырып толық жауап береді.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7094-71-3

© «Хикмет» баспа үйі, ЖШС, 2012



Құрметті оқырман!

Адам баласы иман арқылы өзін кім жаратқандығын, не үшін жаратылғанын, өлгеннен кейін қайда баратындығын үйренеді.

Дүниеге келгендегі мақсатымыздың өмір сүру міндетін орындағаннан кейін өле салу емес екендігін жақсы білуіміз керек. Себебі, адам ақыл мен санаға ие, жаратылысы ерекше, ұлы мақсаты бар тұлға. Бұл мақсат Құран Кәрімде айтылғандай бізді жаратқан, бізді қаншама нығметтерге бөлеген Раббымыздың алдында құлшылық міндетімізді орындау болып табылады. Қоғамдық көліктерде бізге орын берген адамға немесе бір кесе шәй ұсынған кісіге рахмет айтуды адамгершілік борышымыз деп есептегеніміз сияқты, бізді жаратқан және шексіз нығметтерге бөлеген Раббымызға шүкір етуді ең маңызды борышымыз деп білуіміз қажет. Осыған қарамастан Раббысына шүкір айту былай тұрсын, Оны танып-білуге ұмтылмау адам баласы үшін ең надан қылық, әрі мұның жазасы да ақыреттегі ең қатты азап болмақ.

Әлемдегі таңғажайып жүйенің артындағы ақиқатты ұға алмаған бейшаралар, «мен тек қана көргеніме сенемін» деп ақылын көзімен алмастырып бағуда. Олар ақылдарын дұрыс бағытта пайдаланбай,





Аллаһтың түсірген ақиқатын көрмей, естімей көр әрі саңырау күйге түскен. Қасиетті Құранда: «...**Олардың жүректері бар, алайда олар онымен түсінбейді. Көздері бар, онымен көрмейді. Және олардың құлақтары бар, ол арқылы естімейді...**» (Аграф сүресі, 179-аят) дей келе, ондай адамдардың рухани бейқамдықтары тілге тиек етілуде.

Адам баласы ақыреттегі мәңгі де бақытты өмірге тура жолмен жүрсе ғана жете алады. Бұл тура жолды «Ислам» деп атаймыз. Ислам иманнан, ал иман адамның сенімінен басталады. Мінеки, осы еңбек арқылы сіздерге неге және қалай иман ету керектігін нақты да негізгі мағлұматтармен ашықтап көрсететін кітапша ұсынылып отыр.

"ХИЖРА" баспа үйі





ИМАН

Иман – Аллаһқа және Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымыз (с.а.у.) арқылы жіберген хабарларына сену. Шын жүректен әрі барлық болмысымызбен қабылдаған иманымыз «кәлимә-и шәһадат» (куәлік сөзі) арқылы көрініс табады. Кәлимә-и шәһадат – Исламға кірудің алғашқы баспалдағы. Кәлимә-и шәһадат сөзі былай айтылады: **«Әшһәду әллә иләһә иллаллаһу уә әшһәду әннә Муһаммадан абдуһу уә расулуһу»**.

Мағынасы: «Мен Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед (с.а.у.) Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін».

Таухид сөзі: **«Лә иләһә иллаллаһ»** сөзі. Оның мағынасы: **«Аллаһтан басқа Тәңір жоқ»** дегенді білдіреді.

Иманның **«Таухидке»** (Аллаһты бірлеу) негізделетінін жақсы білуіміз керек. Таухид сенімі арқылы адам Аллаһ Тағаланың бар екендігіне, бір екендігіне, теңдессіз, ұқсассыз, тұмаған, туылмаған, кемшіліксіз, шексіз, басы және соңы жоқ екендігіне, әлемдердің жалғыз Раббысы, Билеушісі, Жаратушысы, Басқарушысы екендігіне сенген болып есептеледі.

Біз **«Лә иләһә иллаллаһ»** деу арқылы «Аллаһтан басқа табынылатын, бағынылатын, көмек сұралатын, сыйынылатын, сенім білідіретін, арқа сүйейтін және Одан жоғарғы дәрежеде ешкім жоқ екендігіне, сонымен қатар барлық нәрсеге күш-қүдіреті жететін тек





қана Аллаһ екендігіне, Аллаһтан басқа ешкімнің билікке ақысы жоқ екендігіне» сенген болып саналамыз. Осы сенім жүрекке орналасқаннан кейін ғана адам, Исламнан тыс наным-сенімдерден бас тарта алады. Міне, барлық Пайғамбарлар адамдарды осы «Таухид» сеніміне шақырған.

ИМАН НЕНІ ТАЛАП ЕТЕДІ?

1. Ұлы Аллаһ Тағала бізден иман етуді, ал иман еткеннен соң құлшылық етуімізді талап етеді. Иман мен амал арасындағы байланысты мына аяттар көркем бейнелейді:

* Раббымыз, бізден әмір еткен ғибадаттарын орындап, Оған қарсы шықпауымызды талап етеді. Аятта былай деп бұйырылады: **«...Өзіне иман еткен Раббыларына қарсы шығудан сақтаныңдар!»** (Мумтахина сүресі, 11-аят).

* Иман мен амал бір-бірімен өте тығыз байланысты болғандықтан көптеген аяттарда бірге айтылады. Мысалы, «Аср» сүресінде былай делінген: **«Заманға серт. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, бір-біріне шындықты үгіттесіп, сабырды үгітескендер зиянға ұшырамайды».**

* Ақыреттегі қиындықтан құқтылу үшін, жәһаннам отына жанбай жәннатқа кіру үшін, әрі жәннатта жоғары дәрежелерге жету үшін құлшылықтарымызды құлшына жасауымыз қажет. Аятта былай деп





бұйырылады: **«Әй, иман келтіргендер! Рукуғ, сәжде қылып, Раббыларыңа ғибадат етіңдер. Және хайыр жасандар. Әрине құтыласыңдар»** (Хаж сүресі, 77-аят).

2. Құран Кәрімде былай делінеді: **«Сөзсіз мүминдер Аллаһ еске алынса, жүректері тітіркенеді де, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, сенімдері артып, Раббыларыңа тәуекел етеді»** (Әнфал сүресі, 2-аят). Демек, мүмин кісіде мынадай қасиеттер болуы керек:

* Аллаһтың есімі аталған кезде жүрегі (Оған деген құрмет, қорқыныш сезімдерімен) тітіркенеді.

* Аллаһтың аяттары оқылған сайын иманы күшейеді.

* Аллаһқа ғана арқа сүйеп, Оған сенеді.

3. Хадис шәрифте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Кімде-кімнің бойында мынадай үш қасиет болса, ол кісі иманның ләззатын татады: Аллаһ Тағаланы және Оның Пайғамбарын (с.а.у.) барлық нәрседен де артық жақсы көретін; Адамдарды тек Аллаһ үшін жақсы көретін; Аллаһ тура жол нәсіп еткеннен кейін, күпірлікке түсуге, отқа түсуден қорыққаны сияқты қорқатын адам»* (Бұхари). Демек, мүмин:

* Аллаһты өте қатты жақсы көреді.

* Жақсы көретін адамын Аллаһ үшін жақсы көреді.

* Күпірлікке түсуге, отқа түсуден қорыққандай қорқады.

4. Иманның көптеген бөліктері бар. Бұлар иманның



қадір-қасиетін арттыратын көркем ахлақ, ой-пікір мен іс-әрекеттер. Бұларды иманның қажеттілігі ретінде орындаған адам, иманның жемісін көрген болып саналады. Хадис шәрифте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Иман-жетпіс бөліктен тұрады. Бұлардың ең абзалы – Аллаһтан басқа Тәңір жоқ деу, ең төмен дәрежесі болса жолдан адамдарға кедергі болатын нәрселерді алып тастау. Ұят та иманның бір бөлігі»* (Бұхари).

5. Мүмин тек мүминдерді ғана шын жүректен жақсы көреді. Аятта былай деп бұйырылады: **«Аллаһқа, ақырет күніне иман келтірген бір елдің, аталары не балалары яки туыстары болса да Аллаһқа және Елшісіне қарсы келгендерді сүйгенін көрмейсің...»** (Мүжәдала сүресі, 22-аят). Демек, бір жүреkte екі қарама-қайшы нәрселерге деген сүйіспеншілік болуы мүмкін емес.

6. Иман – ең көп Аллаһтан ғана қорқуды әрі ең көп Оған қарсы шығудан сақтануды талап етеді. Ұлы Аллаһ аятта былай деп ескертеді: **«...Сондықтан олардан қорықпаңдар Менен қорқыңдар...»** (Әли Имран сүресі, 175-аят).

7. Иман – харам іс жасалған кезде, оны қабыл етпеуді әрі оған күшіміз жеткенше қарсы тұруды талап етеді. Хадис шәрифте Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай дейді: *«Сендерден кімде-кім бір жаман іс көрсе қолымен өзгертсін, әлі жетпесе тілімен өзгертсін, оған да әлі жетпесе жүрегімен жек көрсін (ұнатпасын), бірақ бұл*



соңғысы иманның ең әлсіз дәрежесі болып саналады» (Мұслим).

8. Мүмин кісі, Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Аллаһ Тағаладан алып келген әмірлері мен тыйымдарын шын жүректен қабылдап, оған мойынсұнады. Аятта былай деп баяндалады: «... **Егер сендер Аллаһқа және ақырет күніне иман келтірген болсаңдар, араларыңда келіспеушілік туындаса, оны Аллаһқа және Елшісіне жүктеңдер. Міне, осы қайырлы да нәтижеде жақсы**» (Ниса сүресі, 59-аят).

СЕНІМ ТҮРҒЫСЫНАН АДАМДАР

Сенім түрғысынан адамдар мүмин, кәпір және мұнафиқ болып үшке бөлінеді.

Мүмин: Аллаһқа, Елшісіне және Елшісінің әкелген хабарларына шын жүректен сенетін адам.

Кәпір: Аллаһқа, Елшісіне және Елшісінің әкелген хабарларына сенбейтін адам.

Мұнафиқ: Жүрегімен сенбесе де мұсылман екендігін айтатын екіжүзді адамдар.

Аятта былай деп айтылады: «**Мұнафиқтар ауыздарымен сендік дейді. Алайда олар жүректерімен сенбеген**» (Мәйда сүресі, 41-аят). Мұндай адамдардың орны кәпірлер сияқты жәһаннам болады.



ИМАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

Сұрақ: Ғайыпқа иман дегеніміз не?

Жауап: Ғайып – көрінбейтін нәрсе деген сөз. Біз Аллаһқа және Оның жіберген хабарларына көзімізбен емес, жүрегімізбен сенеміз. Себебі, Аллаһ Тағала адамға ақыл мен сана беріп Өзін танытатын дәлелдер көрсетіп сонымен қатар адамның білмейтін ақиқат пен сырларды ашықтап, түсіндіретін Пайғамбарлар жіберген. Бұл дүниеде шын жүрегімен иман етпеген кісі өлгеннен соң бар шындықты көріп, сенеді. Өкінішке орай, бұл иманы қабыл болмайды. Аятта былай деп бұйырылады: **«Күнәһарлардың Раббыларының жанында бастарын иіп: «Раббымыз! Көрдік, естідік, енді бізді (дүниеге) қайтар ізгі амал жасайық. Расымен Саған сендік» дегендерін бір көрсең ғой!»** (Сәжде сүресі, 12-аят).

Сұрақ: Имандағы беріктікке байланысты сынақтар жайлы не айтасыз?

Жауап: Ұлы Аллаһ «иман еттік» дегендердің имандарын берік пе әлде жоқ па деп түрлі сынақтар жіберіп, емтихан етеді. Шынайы мұминдер, осы жолдағы күрестері мен жанқиярлықтары кезі келгенде Аллаһ үшін малы мен жанын құрбан ете алулары арқылы имандарына беріктіктерін дәлелдейді. Аятта былай баяндалады: **«Адамдар «сендік» деумен сыналмай қойып қойылатындықтарын ойлай ма?»** (Ғәнқабут сүресі, 2-аят).

Тағы басқа бір аятта иманды қалайша берік ұстауға болатыны жайлы былай дейді: **«Шын мәнінде Аллаһқа**



және Елшісіне иман келтірген мұминдер, күдіктенбей Аллаһ жолында мал-мүлкімен әрі жандарымен күресетін адамдар. Міне солар, шыншылдар» (Хужурат сүресі, 15-аят).

Сұрақ: Адамның «фытратқа» яғни, болмысқа сай туылуы дегеніміз не?

Жауап: Нәрестені жаратқан Аллаһ, оның дінін де алдын-ала белгілеп қойған. Хадисте Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: *«Әрбір дүниеге келген сәби болмысынан мұсылман болып туылады. Кейіннен ата-анасы оны яһуди, христиан немесе мәжуси етіп тәрбиелейді»* (Бұхари).

Сұрақ: Өлер алдында иман еткен кісінің иманы қабыл болады ма?

Жауап: Иманның қабыл болуы үшін өлмей жатып, иман етуі керек. Аятта былай деп бұйырылады: **«Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе еттім» деген және қарсы болған бойда өлгендердің тәубесі қабыл емес. Міне солар үшін күйзелтуші азап әзірледік»** (Ниса сүресі, 18-аят).

Сұрақ: Иман етпеген адам, бұл дүниеде жасаған жақсылықтарының сыйын о дүниеде көреді ме?

Жауап: Иман етпей өлген адам, осы дүниеде жасаған жақсылықтарының сыйын ақыретте көрмейді. Өйткені, жасалған жақсы амалдар мен ізгіліктер тек иман арқылы ғана бағаланады. Аятта былай деп баяндалады: **«Соларға ақыретте тозақ отынан басқа**





еш нәрсе жоқ. Дүниедегі жасағандары жойылып кетті. Негізінде олардың істегендері бос әурешілік» (Бұд сүресі, 16-аят). Иман етпеген адам, жасаған жақсылықтарының сыйын тек қана осы дүниеде көреді де, дүние нығметтерінен пайдаланады.

Сұрақ: Ислам діні келгеннен соң басқа иләһи діндердің үкімдері өз күшінде қалады ма?

Жауап: Жоқ, қалмайды. Өйткені, ең соңғы Пайғамбардың тәблиғ еткен Ислам діні қияметке дейін үкімі жалғасатын Ұлы Аллаһ құзырындағы бірден-бір дін. Ұлы Аллаһ былай деп бұйрады: **«Кімде-кім Исламнан басқа дін іздесе, ол одан әсте қабыл етілмейді де, ақыретте зиянға ұшыраушылардан болады»** (Әли Имран сүресі, 85-аят)

Сұрақ: Ғибадат жасайтын адам өзін жәннатқа кіремін деп айта ала ма? Немесе көп күнә істеген адам Аллаһтың рақымынан үмітін үзе алады ма?

Жауап: Жақсы амал жасайтын адам, Аллаһтың мейірім-шапағатынан үміттенеді, бірақ жәннатқа кіретінін айта алмайды. Жаман іс жасаған адам да уайымдап қайғырар, бірақ Аллаһтың рақымынан үміт үзе алмайды. Ұлы Аллаһ қияметке дейін тәубе еткен кісінің тәубесін қабыл етеді.

Сұрақ: Құран Кәрімде «тағұт» деген нәрседен сақтануымыз жайлы айтылады. Сол «тағұт» деген не нәрсе?

Жауап: Тағұт – Аллаһтан басқа табынылатын, бағынылатын, Аллаһқа ғибадат етуден алыстататын





пұттар мен заттар. Осы тағұттар адам, шайтан, нәпсі немесе мүсін сияқтылар болатынындай Исламнан тыс идеологиялар мен жүйелер де болуы мүмкін.

Сұрақ: Кейбіреулер тікелей қарсы шықпаса да Құран аяттары мен Пайғамбар хадистері айтылғанда мазақтап-мысқылдағандары байқалады. Мұндай адамдардың халі не болады?

Жауап: Мұндай адамдардың халі аятта былай деп ашықталады: «Егер олардан сұрасаң: «Әрине біз әншейін сөзге кірісіп, ойнап едік» дейді. Оларға: «Аллаһпен, аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма?» - де. Желеуретпендер! Сендер иман келтіргеннен кейін қарсы шықтыңдар. Сендерден бір топты кешірім етсек те, бір бөлімін күнәһар болғандықтарының салдарынан азапқа ұшыратамыз» (Тәубе сүресі, 65-66 аяттар).

Сұрақ: Кейбіреулер (Құдай сақтасын) Аллаһқа немесе дінге сөгіс айтып, тіл тигізеді. Мұндай адамдардың халі не болады?

Жауап: Мұндай сөздер айтқан кісі сол сәтте-ақ кәпір болады да, әйеліне талақ түседі. Сондықтан ол адам қайтадан иман етіп, тәубе етуі керек. Әйелімен де некесін жаңадан қидыруы керек.

Сұрақ: «Шариғат» дегеніміз не? Шариғатты қабыл етпесе не болады?

Жауап: Аллаһ Тағаланың мұсылмандар үшін қойған діни үкімдері мен заңдарына «шариғат»





дейміз. «Шариғат» ұғымы Құран Кәрімде «Жасия» сүресінің 18-аятында қолданылған. Діни үкімдердің жинағы деген ұғымды білдіретін «шариғатты» қабыл етпеу, оған тіл тигізу немесе мазақ ету адамды тікелей күшірлікке алып барып, діннен шығарады. Өйткені, иман еткен мүминдер Аллаһтың әрі Пайғамбарының қойған үкімдеріне бағынулары керек. Аятта былай деп бұйырылады: «(Әй, Мұхаммед!) **Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, содан соң берген билігіңнен көңілдері жай тауып толық бой ұсынбайынша мүмин бола алмайды**» (Ниса сүресі, 65-аят).

ИМАНЫҢ ШАРТТАРЫ

Иманның алты шарты бар. Бір адамның иман етуі үшін осы шарттарға сенуі керек. Олар:

1. Аллаһтың бар және бір екендігіне сену.
2. Аллаһтың Пайғамбарларына сену.
3. Аллаһтың түсірген Кітаптарына сену.
4. Аллаһтың Періштелеріне сену.
5. Өлгеннен кейін қайта тірілуге және ақырет күніне сену.
6. Қаза мен қадарға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену.

Ендігі жерде осы иманның шарттарына тоқталайық.





1. АЛЛАҒҚА ИМАН

Аллаһ Тағаланың қандай екенін біле алмаймыз және Ол жайлы ойлау мүмкін емес. Өйткені, шексіз-қиырсыз әлемнің жаратушысы Аллаһ Тағаланы шектеулі сезім-санамызбен түсіне алмаймыз. Біз адамдар көлемі белгілі әрі шектеулі нәрселерді ғана көреміз. Алайда жаратылыстарға тән бұл шектеулер Аллаһ құзырында сөз емес. Олай болса, тек қана Аллаһтың бар екендігін біліп, есімдері мен сипаттары арқылы Оны танып, қанағаттануымыз керек. Ендігі жерде Аллаһтың есімдері мен сипаттарын үйренейік.

АЛЛАҒТЫҢ ЕСІМДЕРІ МЕН СИПАТТАРЫ

Аллаһтың есімдері (Әсмә-ул Хусна)

«Аллаһ»: Хақ Тағаланың ерекше есімі. Бұл есім Аллаһтан өзге, қандайда бір жаратылыс үшін қолданылмайды және ешқандай сөз немесе есім оның орнын толтыра алмайды.

«Рабб»: Әлемдегі барлық нәрсенің Иесі әрі Билеушісі, жалғыз, табынылушы, бүкіл жаратылыстың мұқтаждығын қамтамасыз етушісі және бақылаушысы деген ұғымды білдіреді. Бұлардан тыс Аллаһ Тағаланың танымал тоқсан тоғыз есімі бар. Бұл есімдер арқылы Оны танып және Оған дұға етеміз. Аятта былай деп бұйырылады: «(Әй, Мұхаммед!) **айт: Аллаһ деп шақырындар немесе Рахман (Мейрімді)**





деп шақырындар, қалай шақырсандар да (рұқсат), **өйткені, Оның (Аллаһтың) көркем есімдері бар**» (Исра сүресі, 110-аят). Демек, адам Раббысына тілегін айтқанда: «Аллаһым! Ей, Раббым! Ей, құдыреті күшті Жаратушы! Ей, Рахман және Рахим!» деп дұға етеді.

АЛЛАҒТЫҢ СИПАТТАРЫ

Аллаһ Тағаланың есімдері зати және субути болып екіге бөлінеді.

Аллаһтың зати сипаттары:

1. **Ужуд:** Аллаһ бар
2. **Уахданият:** Аллаһ бір.
3. **Қидам:** Бар болуының бастамасы жоқ.
4. **Бәқа:** Бар болуының соңы жоқ.
5. **Мухаләфәтун лил хауадис:** Аллаһ басқа тіршілік иелеріне ұқсамайды.
6. **Қиям би Нәфсиһи:** Бар болуы өз-өзінен. Бар болуы үшін басқа нәрселерге мұқтаж емес.

Аллаһтың субути сипаттары:

1. **Хаят:** Аллаһ тірі.
2. **Ілім:** Аллаһ барлық нәрсені біледі.
3. **Самиғ:** Аллаһ барлық нәрсені естуші.
4. **Басар:** Аллаһ барлық нәрсені көруші.





5. Ирада: Аллаһ қалаған нәрсені істейді (жасаушы).

6. Қүдірет: Аллаһтың күші барлық нәрсеге жетуші.

7. Кәлам: Аллаһтың сөйлеу сипаты бар.

8. Тәкуин: Ол барлық нәрсені жаратқан.

Енді Аллаһ Тағаланың бұл сипаттарын ашықтайық.

1. Ужуд – Аллаһ бар

Пайғамбарлар үмбеттеріне Аллаһ Тағаланың бар және бір екендігін хабар берген. Оған қоса адам Аллаһтың бар және бір екендігін ақылымен де таба алады.

Аллаһтың бар екендігінің дәлелдері:

Айналамыздағы ерекше салынған бір ғимаратқа, еңбектеніп сызылған бір суретке немесе әдемі бір көйлекке қараған кезде бұлардың барлығының өздігінен болғанын айта аламыз ба? Әрине жоқ. Ақылды адам бұлардың барлығын бір сәулетші немесе бір ұстаның жасағанын, оның қолынан шыққан өнер екенін біледі. Әдемі бір нәрсенің өз-өзінен пайда болғанын айтқан адамның өтірік айтып жатқанын бәріміз білеміз. Демек, адамдардың шығарған шығармаларынан да мықты, одан да асып түсетін, жер бетіндегі жанды және жансыз тіршілік иелері, көктегі аспан, аспандағы жұлдыздардың өз-өзінен пайда болғанын айта аламыз ба немесе ойлай аламыз ба? Бұл туралы Құран Кәрімде былай айтылады: **«Күдіксіз көктер мен**



жердің жаратылуында, түн мен күннің ауысуында, адам баласына пайдалы нәрселер мен теңізде жүзген кемеде және Аллаһтың көктен жаңбыр жаудырып, жер өлгеннен кейін оны жандандыруында, әрі онда әр түрлі хайуанды таратуында, желдерді және көк пен жердің арасындағы бағынышты бұлтты басқаруында әлбетте ойлаған елге (Аллаһтың барлығына, бірлігіне) белгілер бар» (Бақара сүресі, 164-аят).

Егерде үңіліп қарайтын болсақ, ең қажетті ағзамыз «көз»дегі мұғжизаны аңғара алған адам, мынандай кемшіліксіз, кемтіксіз әлемнің (жаратылыстың) де бір жаратушысы бар екендігін түсінеді. Белгілі бір мақсатпен жаратылған ғибрат толы дүниенің жаратушысы Ұлы Аллаһ Тағала екенін біледі.

2. Уахданият – Аллаһ бір

Ұлы Аллаһ әлемдегі теңдікті сақтап басқарып отыр. Егерде Тәңір көп болса, әрқайсысы өзінше билік құрғысы келетін еді және әлемде сәйкестік пен теңдік болмайтын еді. Бұл мәселеге байланысты аятта былай деп бұйырылады: **«Егер жер-көкте Аллаһтан басқа да тәңірлер болғанда, әлбетте екеуі де бұзылып кетер еді. Ғаршының Раббы Аллаһ олардың жасанды сипаттарынан пәк»** (Әнбия сүресі, 22-аят).

Қорытындылай келсек, барлық нәрсеге үкім жүргізуші, төмендетуші, жоғарылатушы, нығметке бөлеуші және нығметті алушы, пайда мен зиянды қамтамасыз етуші тек бір Аллаһ Тағала. Аятта былай делінеді: **«(Әй, Мұхаммед! оларға) айт: Ол Аллаһ,**



біреу-ақ» (Ықылас сүресі, 1-аят). Тағы бір аятта: **«Сендердің Одан өзге шоқынған нәрселерің, сендер әрі аталарың атаған құр аттар ғана. Аллаһ, оларға табынуға байланысты ешбір дәлел түсірмеген. Үкім Аллаһқа ғана тән. Ол өзіне ғана құлшылық етулерінді бұйырған. Міне, осы түп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі білмейді»** деген (Юсуф сүресі, 40-аят).

3. Қидам – Аллаһ ежелден бар, бар болуының бастамасы жоқ

Аллаһ Тағаланың бар болуының басы жоқ. «Өткен», «Осы», «Келер» шақ сияқты уақыт, мезгіл ұғымдары Аллаһ құзырында жоқ. Өйткені, уақыт пен мезгілді Ол жаратқан және уақыт пен мезгіл жаратылмай тұрып та, Ол үнемі бар еді. Аятта былай деп баяндалады: **«Ол Аллаһ әуелгі әрі соңғы** (әр нәрседен бұрын ежелден бар әрі мәңгі қалады, соңы жоқ). **Және Ол,** (әр түрлі дәлелдермен) **көрнеу әрі** (ақыл жетпейтін) **көмес. Сондай-ақ Ол, әр нәрсені толық білуші»** (Хадид сүресі, 3-аят).

4. Бәқа – Аллаһ мәңгі-бақи

Аллаһ Тағала мәңгі-бақи. Оның бастамасы жоқ, бар болуының соңы да жоқ. Ал, барлық жаратылыс жойылады, жоқ болады, олар мәңгі емес. Аятта былай делінген: **«Ұлы дәрежеге ие әрі жомарт Раббың өзі ғана қалады»** (Рахман сүресі, 27-аят).

5. Мухалафатун лил-хауадис – Аллаһ ешнәрсеге ұқсамайды





Аллаһ Тағала өзінің есім, сипат және іс-әрекеттерінде ешнәрсеге ұқсамайды. Көзіміз, ой-пікіріміз және қиялымызбен Оның қандай екенін ұғыну мүмкін емес. Қалай ойласақ та, Ол сол ойымыздағы нәрсеге ұқсамайды, әрі Ол ұлылық иесі. Мезгіл-мекен мен бағыт Оған тән емес және оларға мұқтаж емес. Қасиетті аяттарда былай дейді: «... **Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Аллаһ, әр нәрсені естуші, толық көруші**» (Шура сүресі, 11-аят). «**Өйткені Аллаһ, олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Басқалар оны толық білмейді**» (Таһа сүресі, 110-аят).

6. Қиям би-нәфсиһи – Аллаһ өздігінен бар

Аллаһ Тағала өздігінен бар, бар болуында да ештеңеге мұқтаж емес. Ықылас сүресінде Аллаһтың «Самад» есімі аталып өтіледі. Ал, бұл есім «Ол ештеңеге мұқтаж емес, керісінше барлық нәрсе Оған мұқтаж» деген мағынаны білдіреді.

АЛЛАҒТЫҢ СУБУТИ СИПАТТАРЫ

1. Хаят – Аллаһ тірі

Аллаһ Тағалаға өлім мен ұйқы тән емес. Аятул-Курсиде былай деп бұйырады: «**Аллаһ Тағаладан басқа еш тәңір жоқ, Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды...**» (Бақара сүресі, 255-аят).

2. Ілім – Аллаһ барлық нәрсені білуші

Аллаһ барлық нәрсенің ашық-жасырынын, үлкен-





кішісін, болымды-болымсызын, болған-болатынын тіпті егжей-тегжейіне дейін білуші, барлық нәрседен хабардар. Ойдан өткенді, жүректегі сырды, барлығын да біледі. Аятта былай делінеді: **«Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол, өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де Аллаһ оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар»** (Әнғам сүресі, 59-аят).

3. Сәмиғ – Аллаһ барлық нәрсені естуші

Аллаһ Тағала өте төмен дауыстарды да естиді. Есту үшін ешқандай құралға немесе құлаққа мұқтаж емес. Ол өзіне тән сипатпен естиді. Аятта былай делінеді: **«...Ол Аллаһ, әр нәрсені естуші, толық көруші»** (Шура сүресі, 1-аят).

4. Басар – Аллаһ барлық нәрсені көруші

Аллаһ барлық нәрсені көреді. Үлкен-кіші, ұзақ-жа-қын, жарық-қараңғы сияқты тосқаулар Ол үшін жоқ. Көру үшін көз қажет емес. Аятта былай делінеді: **«(Әй, Мұхаммед!) оларға: «Істейтіндеріңді істеңдер. Істеріңді Аллаһ, Пайғамбар және мүминдер көреді. Сондай-ақ көмес-көрнеуді білуші Аллаһқа қайтарыласыңдар да сендерге не істегендерің білдіріледі» де»** (Тәубе сүресі, 105-аят).

5. Ирада – Аллаһ қалаған нәрсесін істейді

Аллаһ Тағала қалаған нәрсесін, қалаған кезде, қалаған түрде істейді, жасайды, амалға асырады.



Әлемде болып жатқан әрбір нәрсе Аллаһ Тағаланың қалауымен болып жатыр. Аятта былай бұйырады: **«Раббың қалағанын жаратады да сұрыптайды. Оларда ерік болмайды. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен пәк, өте жоғары»** (Қасас сүресі, 68-аят). Ал, басқа бір аятта тағы да былай дейді: **«Айт: «Әй, мүлік пен дәулет Иесі болған Раббым, Сен қалағаныңа мүлік бересің және қалағаныңнан бұл мүлікті тартып аласың, қалағаныңды әзіз-құрметті қыласың және қалағаныңды қор қыласың. Барлық игілік Жалғыз сенің Қолыңда. Әлбетте, Сен барлық нәрсеге Күшің жетеді» де»** (Әли Имран сүресі, 26-аят).

6. Күдірет – Аллаһтың күші барлық нәрсеге жетеді

Аллаһтың күдіретінің шегі жоқ. Оның күші жетпейтін іс жоқ. Аятта: **«... Әлбетте, Аллаһтың барлық нәрсеге күш-күдіреті жетеді»** деп айтылады (Бақара сүресі, 20-аят).

7. Кәлам – Аллаһтың сөйлеу сипаты бар

Аллаһ Тағаланың сөйлеу сипаты бар. Ол сөйлегенде тілге, әріпке, дауыс пен дыбыс сияқты себептерге мұқтаж емес. Аятта былай делінген: **«... Мұсамен Аллаһтың Өзі (тікелей) сөйлесті»** (Ниса сүресі, 164-аят).

8. Тәкуин – Аллаһ жаратушы

Аллаһ – бүкіл жаратылыстың жаратушысы. Еш нәрсе өз қалауымен, өз әрекетімен және кездейсоқ та болмаған. Барлық нәрсені жаратқан Ұлы Аллаһ және



Оның қалауымен болмыстарын жалғастыруда. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемі, иісі мен түсі сияқты барлық ершеліктерін, айырмашылығы мен әсерлерін, пайдасы мен зиянын Ол жаратқан және осыларға байланысты табиғат жүйесі мен заңдарын да қойған Ұлы Жаратушы Жаппар Ие. Оның жарату ісінде әлсіздік, қиыншылық, шаршау секілді жағдайлар жоқ. Сондай-ақ аятта былай деп бұйырылады: **«Бір нәрсені (жаратуды) қалаған уақытында, Оның ісі тек қана «Бол» деу ғана. Сонда, ол (нәрсе) пайда болады»** (Ясин сүресі, 81-аят).

Ешнәрсе өздігінен пайда болмайтындығын, өз-өзін жарата алмайтындығын жақсы білуіміз керек. Бұрыннан болмаған нәрсе қалайша бірден, өз-өзінен пайда бола алады? Қасиетті аятта осы заңға қарсы шығушыларға былай деп айтылады: **«Яки, олар еш керексіз жаратылды ма? Әлде олар өздері жаратты ма немесе көк пен жерді олар жаратты ма? Жоқ, олар мүлдем ештеңеден хабардар емес»** (Тур сүресі, 35-аят).

Сұрақ: Қазіргі таңда технологияның дамуына байланысты көптеген жаңалықтар ашылып, жаңа нәрселер өндіріліп жатыр. Осы жаңалықтар мен өндірістер бұрын болмағанын есепке алсақ, оларды жаратылған деуімізге бола ма?

Жауап: Әлемнің қағидаларын Аллаһ алдын-ала белгілеп қойған. Адамдар сол қағидаларды пайдалана отырып, жаңалықтар ашып, технологиялық дамуларға қол жеткізуде. Жаңалық ашып, өндіру оны жарату





емес, материалдарды белгілі бір процедурадан өткізіп, одан жаңа нәрселер құрастырып, ұйқастырып шығару. Технологияның күші мен шегі осыған ғана жетеді. Аятта былай деп айтылады: **«Ей, адамдар! Бір мысал айтылған, ендеше оған құлақ салыңдар! Расында, сендер Аллаһты қойып, жалбарынып жатқан пұттардың барлықтары біріккендерінде де бір шыбын жарата алмайды. Егер шыбын олардан бір нәрсені тартып алса, оны (сол шыбыннан да) құтқарып ала алмайды ...»** (Хаж сүресі, 73-аят).

2. ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

Пайғамбарлар – Аллаһ Тағаланың таңдаулы және дінді уағыздаумен міндеттелген құлдары. Тарихқа үңілсек адамдарға жіберілген бүкіл Пайғамбарлар, оларға Аллаһтың бар және бір екенін, құлшылық етуді және мінез-құлықтың негізін үйреткен. Аятта Ұлы Аллаһ: **«Расында, Біз әрбір үмбетке: «Аллаһқа ғибадат етіндер және шайтаннан ұзақ болыңдар» деп бір пайғамбар жібергенбіз»** (Нахыл сүресі, 36-аят) деп бұйырады.

Пайғамбарлар насихаттаған ақиқаттарды естіген әрбір адам ақыретте «біз бұларды білмейміз немесе біздің мұндай нәрселерден хабарымыз жоқ еді» деп уәж айта алмайды. Себебі аятта былай деп айтылды: **«Бұл Пайғамбарлар (өтіп кеткеннен) кейін адамдардың Аллаһқа қарсы дәлелі болып қалмауы үшін Пайғамбарларды (мүминдерге жәннат жайлы)**





сүйінші хабар әкелуші және (кәпірлерді тозақ азабынан) **қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ үстемдік және даналық Иесі»** (Ниса сүресі, 165-аят).

Пайғамбарлардың жіберілу мақсаты

Пайғамбарлар адамдарға Ұлы Аллаһтың хабарын (уахиін) жеткізіп, оларды ашықтап түсіндіру үшін жіберілген. Аллаһ Тағала пайғамбар жібермей-ақ кітабын түсіре алатын еді. Бірақ бұл жағдайда иләһи кітаптың түсінілуі мен пайдаланылуында көптеген мәселелер туындауы даусыз. Сондықтан да пайғамбарлар дінді насихаттаумен қатар, дінмен қалай өмір сүру керектігін, құлшылықтың қалай жасалынатынын адамдарға үйретіп әрі көрсетіп берген. Осыған байланысты аят-кәримада былай делінеді: **«... Саған болса, адамдарға түсірілген нәрселерді (яғни, шариғат үкімдерін) баян етіп беруің үшін және мүмкін ой жүгіртетін шығар деп, бұл үгіт-насихатты Құранды түсірдік»** (Нахыл сүресі, 44-аят).

Пайғамбарлардың ерекшеліктері

1. Сыдық: Туралық, шыншылдық. Пайғамбарлар Аллаһтан алып келген хабарларының әрбірінде шыншыл болып, туралықты ту ұстанған жандар.

2. Аманат: Сенімділік. Пайғамбарлар барлық тұрғыдан сенімді жандар. Сондықтан да Пайғамбарымыз (с.а.у.) жас кезінің өзінде-ақ адамдар арасында «Мұхаммадул Әмин» яғни «Сенімді Мұхаммед» есімімен танылған.



3. Тәблиғ: Хабар жеткізуші. Пайғамбарлар Аллаһтан алып келген уахилер мен әмірлерді айна-қатесіз, қаз-қалпында адамдарға жеткізіп отырған.

4. Исмет: Күнәдан пәк. Пайғамбарлар адамдарға жетекші әрі үлгі тұтарлық тұлға болғандықтан күнә мен бәлекет атаулыдан таза.

5. Фәтанат: Парасаттылық, даналық. Пайғамбарлар жоғары ақыл мен парасатқа, зейін мен зеректікке ие жандар.

Пайғамбарлардың мұғжизалары

Адам баласының иман етуі үшін мұғжиза көруі шарт емес. Бірақ ақылмен емес, көзбен көріп шешім қабылдайтын адамдар Пайғамбарымыздан (с.а.у.) мұғжизаны талап еткеннен кейін Аллаһ Тағала пайғамбарларына мұғжизалармен көмектескен. Мысалы, Хазіреті Мұсаның (ғ.с.) аса таяғын суға ұрғанда, судың екіге бөлінуі. Хазіреті Исаның (ғ.с.) өлгендерді Аллаһтың рұқсатымен тірілтуі сияқты. Өкінішке орай Аллаһ Тағала һидаят нәсіп етпеген адамдарға мұғжизалар да әсер етпейді. Аятта былай айтылады: **«Егер біз (Мекке мүшiрiктерiне олар талап етiп жатқан) перiштелердi түсiрсек және өлiктер (қабiрлерiнен тiрiлiп келiп) оларға сөйлесе және де бүкiл нәрсенi (адамдарды) олардың алдына ашық жинасақ та, олар иман келтiрмейдi, тек Аллаһ қаласа ғана (иман келтiредi). Бірақ, олардың көбi мұны бiлмейдi»** (Әнғам сүресi, 111-аят).

Пайғамбарлардың мiндетi мұғжиза көрсету емес,



керісінше ақылға сай келетін дәлелдер көрсету. Сондықтан да пайғамбарлар айналасындағы адамдарға көбірек мұғжиза емес келешекте адамдарға үлгі-өнеге болатын, ақылға жауап бере алатын, үлкен бір мұғжиза етіп Құран Кәрімді қалдырған.

Пайғамбарлардың саны

Хазіреті Адамнан (ғ.с.) Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) дейінгі жіберілген пайғамбарлардың саны нақты белгілі емес. Кейбір риуаяттарда (деректерде) 124 мың немесе 224 мың делінген. Алайда бұл мәселеде ең дұрыс шешім «Аллаһтың жіберген барлық Пайғамбарларына сендім, иман еттім» деу ғана.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) ерекшеліктері

1. Бұрынғы пайғамбарлар тек белгілі қауым мен ұлттарға ғана жіберілген. Ал, Пайғамбарымыз (с.а.у.) барлық адамзатқа жіберілген. Аятта былай делінеді: «(Ей, Мұхаммед!) **Біз сені шүбәсіз барлық адамдарға (мүминдерге жәннат туралы) қуанышты хабар жеткізуші, (кәпірлерді болса, тозақ азабынан) ескертуші етіп жібердік. Бірақ, көп адамдар білмейді**» (Сәбә сүресі, 28-аят).

2. Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамзатқа жіберілген ең соңғы Пайғамбар. Қияметке дейін одан басқа пайғамбар келмейді, келуі үшін ешқандай да қажеттілік жоқ. Аятта былай айтылады: «**Мұхаммед (с.а.у.) сендерден біреудің атасы емес. Расында ол Аллаһтың пайғамбары және пайғамбардың соңғысы**



Аллаһ барлық нәрсені білуші» (Ахзап сүресі, 40-аят).

3. Пайғамбарымыздың әкелген діні ең соңғы әрі толықтырылған дін. Аллаһ Тағала былай деп бұйырды: **«... Бүгін Мен сендер үшін діндеріңді кәміл еттім (толықтырдым). Мен сендерге нығметімді толық етіп бердім және сендер үшін (тек) қана Исламды дін етіп таңдадым (яғни, Исламнан басқа діндер Аллаһтың қасында қабыл емес) ...»** (Мәйда сүресі, 3-аят).

4. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бүкіл әлемге рахмет етіп жіберілген. Аятта былай делінген: **«(Ей, Мұхаммед!) расында Біз сені барлық әлемдерге тек қана рахмет етіп жібердік»** (Әнбия сүресі, 107-аят).

5. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ең көп әрі ең қайырлы үммет берілген пайғамбар. Аятта былай делінеді: **«(Ей, Мұхаммед үмметі!) сендер адамдарға шығарылған үмметтердің ең жақсысы болдыңдар. Өйткені, сендер игі амалға бұйырасыңдар, күнәдан қайтарасыңдар және Аллаһқа иман келтіресіңдер. Егер, Кітап иелері де иман келтіргенде өздеріне жақсы болатын еді. Олардан (Мұхаммед (с.а.у.) хақ пайғамбар екендігіне иман келтірген) имандылары да бар (бірақ) олардың көпшілігі бойұсынбағандардан»** (Әли Имран сүресі, 110-аят).

6. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) шапағаты міндетті түрде орындалады, ол хақ. Махшар күні Аллаһ Тағала оған: **«Шапағат сұра, шапағатшы боласың!»** делінеді (Бұхари).

7. Пайғамбарымызға (с.а.у.) Исра мен Миғраж

мүғжизасы берілуі арқылы құрмет көрсетілген.

Исра – Пайғамбарымыздың (с.а.у.) бір күні түнде Меккедегі Мешіт Харамнан, Құдыстағы Мешіт Ақсаға өте қысқа уақытта жеткізілуі. Құран Кәрімде бұл оқиғаны былай деп баяндайды: «(Аллаһ) **бір түні өз пендесін (Мұхаммедті (с.а.у.) оған аят-мүғжизаларымыздан көрсету үшін (Меккедегі) Мешіт әл-Харамнан (Құдыстағы) Біз айналасын берекелі етіп қойған Мешіт әл-Ақсаға жеткізген (барлық кемшіліктен) пәк Аллаһ. Шын мәнінде Ол – естуші, көруші»** (Исра сүресі, 1-аят).

Миғраж – Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Құдыстағы Мешіт Ақсадан бастап, құпия-сырларын біз білмейтін жоғары дәрежелерге көтерілуі.

3. КІТАПТАРҒА ИМАН

Адамдар ақылдары арқылы Жаратушының бар екенін таба алады. Алайда Оған қалай құлшылық етуді, дүние мен ақыреттің бақытына қалай бөлену қажет екенін білмейді. Сондықтан да Ұлы Аллаһ адамдарға осы жолда жетекші болатын, жол көрсететін кітаптар мен парақтар түсірген. Құранда былай деп бұйырылады: «(Аллаһ Тағаланың хақ сөзі екендігіне) **ешқандай күмән болмаған бұл Кітап, ғайыпқа сенетін, намазды толық оқитын және Біз несібе етіп берген игіліктерден жұмсайтын, Құдайдан қорқатын тақуалар үшін (басшылыққа берілген) нұсқау, тура жол»** (Бақара сүресі, 2-аят).



Пайғамбарларға түсірілген төрт үлкен кітап бар.

Олар:

1. **Құран Кәрім** – Хазіреті Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.у.) түсірілген.

2. **Забур** – Хазіреті Дәуітке түсірілген.

3. **Таурат** – Хазіреті Мұсаға түсірілген.

4. **Інжіл** – Хазіреті Исаға түсірілген.

Аллаһ Тағала тарапынан түсірілген Кітаптар үш бөлім бойынша қарастырылады:

а) Түгелдей жойылып жоқ болып кеткен, негізі қалмаған кітаптар. Мысалы, Забур сияқты.

ә) Негізі бұзылып, бұрмаланған кітаптар. Мысалы, Таурат, Інжіл сияқты.

б) Аллаһ Тағаладан түсірілген күйі сақталып қалған кітап. Ол – Құран Кәрім.

Парақтар (Сухуф)

Ұлы Аллаһ кейбір Пайғамбарларға қажеттілігіне орай парақтар түсірген. Қазіргі таңда мұндай парақтардың түпнегізі жойылып кеткен. Сонымен қатар, сандары да белгісіз. Бұл тақырыпта да ең дұрысы «Аллаһтың барлық түсіргендеріне сендім, иман еттім» дегеннен басқа шара жоқ.

Құран Кәрім

Құран Кәрім – Хазіреті Пайғамбарымызға (с.а.у.) түсірілген. Иман негіздерін, құлшылықтың амал-





шарттарын, көркем ахлақ пен екі дүниенің бақытына бөленуді көрсетіп беретін аяттарды қамтитын иләһи (тәңірлік) кітап. Түскен күнінен бүгінгі таңға дейін еш өзгеріссіз келген, әрі қияметке дейін де Ұлы Аллаһ тарапынан қорғалып, сақталатындығы Аллаһтың сөзі қасиетті аятта былай деп айтады: **«Әлбетте, бұл үгіт-насихатты (яғни, Құранды) Біз өзіміз түсірдік және күдіксіз Өзіміз сақтаушымыз»** (Хижр сүресі, 9-аят).

Құран Кәрімде 114 сүре бар. Араб тілінде әрі пайдаланып, қолданылуы үшін ашық, түсінікті түрде түсірілген. Аятта былай делінеді: **«Ант болсын, Біз Құранды зікір-насихат алу үшін жеңіл етіп қойдық. Енді бірер насихат-өнеге алушы бар ма!»** (Камар сүресі, 22-аят).

Құран Кәрімдегі анық айтылған үкімдерді шын жүрекпен қабылдап, мойындау Иманның қажеттіліктерінің бірі. Сондықтан кімде-кім Құранда баяндалған шындықтардың біреуін мойындамаса да, иман еткен болып саналмайды. Сондай-ақ қасиетті аятта бұл жағдайдың маңыздылығына былайша тоқталады: **«... Яки Кітаптың (Таураттың) бір бөлігіне сеніп, ал бір бөлігіне қарсы боласындар ма? Араларыңда мұндай істі кім жасаса, оның жазасы бұл дүниеде қорлық, ал қиямет күнінде ауыр азапқа жолықтырылады. Аллаһ Тағала істеген амалдарыңнан бейхабар емес»** (Бақара сүресі, 85-аят).

Құран Кәрімнің түсірілуі мен жинақталуы

Құран Кәрім Пайғамбарымызға (с.а.у.) 40 жасында



Меккеде Хира үңгірінде отырған кезде түсе бастады. Алғашқы түскен аяттар «Икра» (Оқы) бұйрығымен басталған «Алақ» сүресінің бастапқы бес аяты. Бұдан кейін Құран Кәрім аят болып кейде сүре болып 23 жылға жуық уақытта адамдарға насихатталған. Әрбір түскен аят Пайғамбарымыздың (с.а.у.) басқаруымен бірнеше сахабалармен бірге жатталып отырды. Жазылып, намазда және тыс уақыттарда тоқталмай қайталану арқылы сақталған.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл дүниеден көз жұмғаннан кейін, бірінші халифа Хазіреті Әбу Бәкір (р.а.) жазылған сүре және аяттарды барлығын жинап Құран Кәрімді кітап қалпына келтірген. Үшінші халифа Хазіреті Осман (р.а.) бұл нұсқаларды жеті дана жаздырып сол кездегі ең үлкен Ислам қалаларына жіберген және бұл нұсқалар үздіксіз көбейтіліп бізге дейін жеткен.

Құран Кәрімнің ерекшеліктері

1. Басқа иләһи кітаптар белгілі бір уақыт үшін жіберілген, ал Құран Кәрім болса қияметке дейін адамгершілікті айдындатуды жалғастырады.
2. Аллаһ тарапынан қорғалынған өзгермеген және өзгертілмейді.
3. Ең соңғы жіберілген кітап.
4. Бір-бірімен шатасқан, шындықпен жанаспайтын ешқандай сөйлем, ешбір аят сөйлем жоқ.
5. Құран Кәрім Аллаһ Тағаланың мұғжизауи кітабы.



Қысқаша бірнеше мысал берейік:

Барлық адамзат пен жындар бір жерге жиналса да Құранның ең қысқа сүресін немесе ұқсасын жаза алмайды. Аятта былай делінеді: «**Айт:** (Ей, Мұхаммед!) **Ант болсын. Егер барлық адамзат пен жындар міне осы Құранның ұқсасын әкелу үшін бірігіп, бір-бірлеріне жәрдемші болса да оның ұқсасын әкеле алмайды**» (Исра сүресі, 88-аят).

Құран Кәрімде Нұх (а.с.) топан суы, Хазіреті Мұсаның Перғауынға қарсы күресі, Хазіретті Жүсіптің ғибратты оқиғалары сияқты мыңдаған жыл бұрын болған оқиғалардың өзі егжей-тегжейлі жазылған.

Кейде болашақта орындалатын нәрселерден хабар берген. Мысалы: Рум сүресінің алғашқы аяттарында Иран Парсы имперясынан жеңіліс тапқан Византия әскерлерінің ақыр соңында бәрібір жеңетіндіктерін ап-ашық түрде баяндаған және көп өтпей-ақ византиялықтар 624 жылы парсыларды күйрете жеңіліске ұшыратты.

Айрықша Құран Кәрім технологияның енді ғана қолы жеткен жетістіктерін алдын ала білдіру арқылы мұғжизалығын дәлелдеді. Мысылы: Арасында ешқандай кедергі болмасада теңіздегі екі түрлі судың бір-бірімен араласпайтындығын неміс ғалымдары Аден түбегі мен Қызыл теңіздің бірлескен жері Мендеп түбегінде екенін анықтаған. Кейіннен Француздың су асты әлемін зерттеушісі Капитан Кусто мұндай сулардың араласпау заңдылығын барлық теңіздердің





бірлесетін жерлерінде бар екендігін анықтайды. Алайда бұл шындық 1400 жыл бұрын Құран Кәрімде былай деп айтылған: **«(Аллаһ) екі теңізді-мынау тұщы-тәтті, анау ащы-тұзды етіп ағызып қойған және олардың арасында (бір-бірлеріне араласып кетуден тосып тұратын) тосық-тоған және көрінбейтін перде қылып қойған»** (Фұрқан сүресі, 53-аят).

Әлемнің тоқтаусыз кеңейіп тұратындығы ғылыми түрде дәлелденген. Бұл туралы Ұлы Аллаһ қасиетті аятта былай дейді: **«Көкті Біз күдіретпен жараттық. Расында, Біз Күдіреттіміз. Жерді болса, дархан-кең етіп қойдық. Ендеше, (Біз жерді) нендей жақсы жаюшымыз»** (Зарят сүресі, 47-48 аяттар).

Негізі әрдайым ақиқатты айтатын Құран аяттары мұғжизаға мұқтаж емес. Дегенмен бұрынғы қауымдар сияқты таңғажайып нәрсе көрмесем сенбеймін дейтіндердің жүректеріндегі күдіктерін сейілту үшін ұлы Құран мұғзизаларын ғасырдан ғасырға жалғап көрсетіп жатыр.

4. ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН.

Періштелер Аллаһ Тағалаға әрдайым мойынсұнып күлшылық ететін жаратылыстар. Періштелер туралы Құранда былай деп баяндалады: **«Аллаһтың өздеріне әмір еткен нәрселеріне ешқашан қарсы келмейтін, бұйырылған нәрселерді бұлжытпай орындайтын періштелер бар»** (Тахрим сүресі, 6-аят).





Періштелердің ерекшеліктері

Періштелер нұрдан жаратылған. Аталық-аналық болып жынысқа бөлінбейді. Ішіп-жеу, ұйықтау, шаршау, жастық шақ, кәрілік сияқты қасиеттер періштелерде болмайды. Соған қарамастан жұпар иістерді, көркем сөздер мен іс-әрекеттерді, Құран тыңдауды, ілім мәжілістерінде Аллаһтың еске алынған жерлерде болуды ұнататындықтары аяттар мен хадистерде білдірілген.

Періштелер көрінбейді. Себебі, бізде оларды көре алатындай қабілет жоқ. Сондай-ақ бұдан басқа да біздің көре алмайтын көптеген жаратылыстар бар. Тіпті көре алмайтындарымыз көре алатындарымыздан да көп. Мысалы: ақылымыз, рухымыз бола тұра оларды көре алмаймыз. Сымның ішіндегі электр тоғын да көре алмаймыз. Жер шары мен ғарыш айлағындағы көптеген толқындар мен сәулелерді де көре алмаймыз. Қысқасы адамдар өзгеше бір жаратылыстағы періштелерді де көре алмайды. Демек, бір нәрсенің бар немесе жоқ болуында міндетті түрде оның көз, құлақ сияқты сезім мүшелері арқылы білінуі қажет емес. Негізінде адамның көзі 400 бен 700 милимикронның ғана арасындағы сәулелі толқындарды ғана байқай алады. Бұдан басқа толқындарды көре алмайды. Ал адамның құлағы 16 мен 20 мың арасындағы дыбыс толқындарын ести алады. Бұдан басқа толқындарды естуге қауқары жоқ.



Періштелердің міндеттері

Әрбір періштеге берілген міндеттемелер бар. Солардың ішіндегі төрт үлкен періштенің міндеттері төмендегідей:

1. **Жәбрейл** – Аллаһ Тағала мен пайғамбарлар арасында елшілік міндетін атқарады. Пайғамбарларға Аллаһ Тағаладан уахи және кітаптар алып келеді.

2. **Микайл** – Жаңбыр, жел т.б. табиғи құбылыстарды қадағалау міндетін атқарады.

3. **Исрафил** – Қиямет күні бүкіл жаратылыстың өлімі мен қайта тірілуі үшін «Сүрді» үрлеу міндетін атқарады.

3. **Әзрейіл** – Бүкіл жаратылыстың ажалы келген уақытта жандарын алу міндетін атқарады.

Бұдан басқа да Аллаһ Тағалаға ғибадат жасайтын, мадақ ететін және де есімдерін біз білмеген көптеген періштелер бар. Бұлардың кейбіреулерін атап өтсек:

КИРАМАН КАТИБИН: Адамдардың жасаған іс-амалдарын амал дәптеріне жазып отыратын періштелер. Оң иығымызда отырғаны сауап істерімізді, ал сол иығымыздағы болса жасаған күнәларымызды жазып отырады. Құран Кәрімде бұл жайында былай делінеді: **«Екі періште оң және сол жақтарына отырып, істегендерінің барлығын жазады»** (Қаф сүресі, 17-аят).

ХАМӘЛӘЙ–АРШ: Ұлы ғарыш әлемін көкте ұстау үшін міндеттелген періштелер.



МУНКӘР және НӘКИР: Қабірде адамдарды сұраққа тарту үшін міндеттелінген періштелер.

ХАЗАНАЙ ЖӘННАТ уә ЖӘҺӘННАМ: Жәннаттың қарауылы (қожайыны) Ридуан, ал жәһәннамның қарауылы Малик деп аталады.

Сұрақ: Аллаһ Тағала періштелерге мұқтаж ба?

Жауап: Ең алдымен Аллаһ Тағала періштелерді өзіне керек болғаны үшін жаратпады. Бірақ та біздің білмейтін, Аллаһ Тағаланың білетін хикметтеріне сүйене отырып, ол періштелерді жаратуды мақсат еткен.

Сұрақ: Періштелер әйел кейпінде суреттеледі. Сол дұрыс па?

Жауап: Періштелер әйел немесе еркек болып бөлінбейді. Бұл мәселе жайында Құран Кәрімде былай делінеді: **«Расында, ақыретке сенбейтіндер періштелерге аналық сипат берді. Бірақ олардың бұл жөнінде еш мағлұматтары жоқ. Олар тек болжамның артынан ғана ереді. Еш күмәнсіз болжам, ақиқат тұрғысынан ешқандай нәтиже бермейді»** (Нәжм сүресі, 27-28 аяттар).

Сұрақ: Періштелердің қанаттары бар ма?

Жауап: Иә, олардың қанаттары бар. Бірақ та қанатаның қанша екенін және қандай екендігін білмейміз. Құран Кәрімде былай айтылады: **«Мақтау, алғыс көктер мен жерді жаратушы және де**





періштелерді екі, үш, төрт қанатты етуші Аллаһқа ТӘН» (Фатыр сүресі, 1-аят).

Сұрақ: Адамдардан періштелерді көргендері болған ба?

Жауап: Аллаһтың қалауымен көзге көрінетін періштелер бар. Жәбрейл періште Пайғамбарымызға (с.а.у.) кейде өз кейпінде, ал кей уақыттарда Дихятул-Кәлби есімді сахаба кейпінде келетін. Сондай-ақ, Хазіреті Ибрахим, Лұт пайғамбарларға да адам кейпінде қонақ болып келген еді.

ЖЫН ЖӘНЕ ШАЙТАН

Жын: Оттан жаралған болып, тіпті адамдар секілді Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін жаратылыс. Пайғамбарымыз (с.а.у.) адамдарға дінді насихаттағандай, жындарға да насихаттаған болатын. Құран Кәрімде бұлай болғандығын дәлелдейтін бір аятта былай айтылады: **«Мен жындарды және адамдарды тек қана маған құлшылық етулері үшін ғана жараттым»** (Зәрият сүресі, 56-аят). Бұған қоса Құран Кәрімде «Жын» деп аталатын сүре де бар.

Шайтан: Негізі жын тайпасынан жаратылған. Аллаһ Тағала адамды жаратып, оған сәжде етілуін әмір еткенде шайтандардан Ібліс бұл бұйрыққа қарсы шығады. Сол себепті Аллаһ Тағаланың мейірімінен ұзақтатылды. Содан кейін адамдарға дұшпандық етуді мақсат ете отырып, адамдарды тура жолдан шығару үшін Аллаһ





Тағаладан уақыт сұрайды. Оның тілегіне оңды жауап келген соң адамдарды тура жолдан азғыра бастайды. Құран Кәрімде бұл оқиға былайша өрбиді: **«Ол айтты: «Ант етемін, енді мені жолдан адастырғаның себепті, әрдайым Сенің тура жолыңның үстінде оларды күтіп отырамын. Содан кейін, оларға алдыңғы жақтарынан және артқы жақтарынан, оң-сол жақтарынан келіп (Тура жолдан адастырамын) және олардан (берген жақсылықтарыңа) шүкір етушілерді таппайсың»** (Ағраф сүресі, 16-17 аяттар). Осыған ұқсас қаншама аяттарда шайтанның қулығы баяндалып, оның мейрімсіз дұшпан екендігі ескертіледі. Бұл дүниеде шайтанға құлақ асқандарға Аллаһ Тағала қиямет күні: **«Мен сендерге: «Ей, адам балалары! Шайтанға құлшылық етпендер, өйткені ол сендерге ашық дұшпан. Маған ғана құлшылық етіңдер! Міне осы тура жол», - деп бұйырмаған ба едім?»** деп айтады (Ясин сүресі, 60-61 аяттар).

Сұрақ: Жындар ғайыптан хабар бере ала ма?

Жауап: Ғайып, Аллаһ Тағаланың адамдарға еш хабар бермеген құпия нәрселері. Ғайыпты білетіндерін айтатын көріпкел және палшыларға сенуге болмайды. Құран Кәрімде: **«Айт: Көктер мен жердегі ешкім келешекті білмейді, тек қана Аллаһ біледі. Олар қашан қайта тірілулерін де сезе алмайды»** (Нәміл сүресі, 65-аят). Жындар ғайыпты білмейді. Бірақ мына нәрсеге мұқият болғанымыз жөн. Кейбір адамдар жындармен байланыс құрғандығын және олардан кейбір мәліметтер алғандығын айтып жатады. Бұл жайт





олардың ғайыпты білетіндіктерін көрсетпейді. Жын-шайтандар тек қана Аллаһ Тағаланың білдіргенін ғана адам баласына жеткізеді.

АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН

Ақырет – дүниедегі өмір бітіп, содан кейін жалғасатын өмір. Ақырет өмірі адамдардың қиямет күнінде қабірлерінен тұрып, тірілуінен қайта бастау алып, мәңгілікке жалғасады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай бұйырады: **«Ол алғашында өзі жаратып, сонан соң (қиямет күнінде) өзі қайта жаратушы зат. (Қайтадан жарату) оған өте жеңіл»** (Рум сүресі, 27-аят).

Ал енді адамның жаратылу кезеңдерін қысқаша баяндай кетсек:

а) Жаратылу кезеңдері:

1. Адам рухының жаратылу кезеңі. Сол кезеңде Раббымызға берген уәдеміз Құран Кәрімде былай баян етіледі: **«Раббыңыз адам балаларының белдерінен (қиямет күніне дейін келетін барлық) нәсілдерді алып, «Мен Раббыларың емеспін бе?» деп өздеріне қарсы куә еткенінде, олар: «Расында сен Раббымызсың. Біз бұған куәміз» дегендерін есіңізге алыңыз. (Сендерден мұндай куәлік, уәде-серт алуымыз) Қиямет күнінде: «Біз бұдан хабарсыз едік» демеулерің үшін»** (Ағраф сүресі, 172-аят). Осылайша адам баласы Аллаһ Тағала-ның «Рабб» екендігіне куәгер болған.

2. Ананың құрсағындағы денеге рухтың үрленуі және дүние тіршілігі. Дүниеде адамның құл болып





қалай өмір сүретіндігі қарастырылады. Құран Кәрімде былай делінеді: «**Ол (Аллаһ Тағала) кімнің ізгі амал жасайтындығын сынау үшін өмірді және өлімді жаратқан...**» (Мүлік сүресі, 2-аят)

3. Өлімнен бастау алып қияметке дейін жалғасатын қабір өмірі.

4. Қиямет күнінен бастау алып, мәңгі жалғасатын ақырет өмірі.

Ақыреттің ақиқат екендігінің дәлелдері

1. Барлық жаратылыс құр босқа мақсатсыз жаратылмады. Ең көркем түрде жаратылған адамның мақсаты ішіп-жеу және белгілі бір уақыт өмір сүру емес. Адам өз Раббысын танып, оған қалай ғибадат ететіндігін үйреніп, орындауы тиіс. Бұл жауапкершіліктен өту үшін қиямет күні адам баласы Раббысының құзырына келеді. Бұл ақиқат бір аятта былай ашықталады: «**Немесе сендердің ойларыңша Біз сендерді бекерден-бекер** (яғни, сендер дүниеде сендерге еш тапсырма бермейтін, ақыретте есеп-қисапқа тартылмайтын халде) **жараттық та, сендер Біздің алдымызға қайтарылмаймыз деп ойлайсындар ма?!**» (ондай емес)» (Мүминун сүресі, 115-аят).

2. Бұл дүние жақсылықтардың қасында қаншама жамандық, әділетсіздіктің орын алып, күштінің әлсізді езетін жері. Бұлардың бір бөлігі осы дүниеде жазасын тауып жатса, енді біреулері ақырет күнінде істеген жамандықтары үшін жазасын тартады. Өйткені ол күні ешкімнің ақысы жерде қалмай, иелеріне





қайтарылады.

3. Аллах Тағала Қайтадан тірілудің ақиқатын түрлі бейнелермен көзіміздің алдына әкелуде. Мысалыға: Тас қараңғы түннен кейін таңның атуы адам үшін өлімнің жартысы болып саналады. Тағы да бұған қоса қыс айынан кейін, көктем келіп жердің қайта жандануы да жаратушының хақ екендігіне бір дәлел. Фуссилат сүресінің 39-шы аятында былай делінеді: **«Оның аят-белгілерінің (бірі) сенің жерді құп-құрғақ көруің. Енді қашан біз оған жаңбыр жаудырсақ, ол (жер) жанданып өсіп-өнеді. Әлбетте сол жерді қайта тірілтуші өліктерді де тірілте алады. Өйткені, ол барлық нәрсеге құдіреті жетуші».**

4. Аллах Тағала қайта тірілуді ашық түрде көрсету үшін 300 жыл ұйқыдан соң қайта оятқан Асхабы-Кәһфті «Кәһф» сүресінде тілге тиек етеді. Сол секілді Узәйр де 100 жылдан кейін қайта қайтарылған еді. Міне осы оқиғалар да Жаратушының хақ екендігіне дәлел.

Дүние өмірі біткеннен соң басталатын өмір кезеңдері мынадай:

- а) Қабірдегі өмір
- ә) Қияметтегі өмір
- б) Қайта тірілу
- в) Махшарда жиналу және сұраққа тартылу
- г) Жәннат және тозақ





Енді бұл кезендерді қысқаша ашықтасақ, олар былайша:

1. Қабірдегі өмір

Бұл өмір адамның өлуімен басталып, қиямет күні қайта тірілуіне дейін жалғасатын кезең. Қабірге жерленген адам салих кісі болса, ол адам салихтерге сай құрметке ие болады. Ал егерде салих кісі болмайтын болса, ол кісіге лайықты азабы тарттырылып, баратын жері көрсетіледі. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадис шәрифінде былай дейді: *«Араларыңнан бірі өлген уақытта таңертең және кешке жәннатқа лайық болса жәннаттағы, ал егер тозаққа лайық болса тозақтағы мекені ол кісіге көрсетіледі. Оған былай делінеді: «Әне сенің баратын жерің. Қиямет күні Аллаһ Тағала сені сол жерге жібереді»* (Бұхари және Мүслим риуаят етті).

Қабірге қойылған адамға екі періште келіп, оны былайша сұраққа тартады:

- Раббың кім?
- Пайғамбарың кім?
- Дінің не?

Теңізде тұншығып өлгендерге, отта жанып өлгендерге, денесі бөлініп кеткендерге де қабірде осы сұрақтар сұралады.

2. Қияметтегі өмір

Құран Кәрімде хабар берілгеніндей, жер және көктегі жүйенің бұзылатын, күннің жоқ болып,





жұлдыздардың төгілетін және таулардың бір-бірімен қақтығысып тас-талқан болатын күн. Қияметтің болуымен адам баласының дүниемен қатынасы үзіліп, қайта тіріліп есеп беру басталады. Қиямет күнінің қашан болатындығын тек қана Аллаһ Тағала біледі. Маңызды мәселе қияметтің қашан болатындығы емес, оған қалай дайындық жасауымызда. Құран Кәрімде былай баяндалады: «(Ақырет үшін) **Азық дайындандар. Күмәнсіз азықтардың ең жақсысы тақуалық**» (Бақара сүресі, 197-аят).

Қияметтің белгілері:

Қиямет күнінің қашан болатыны белгілі болмаса да, оның жақындағанын көрсететін белгілер бар. Ол белгілер ортаға шықпайынша қиямет болмайды. Құран Кәрімде былай баяндалады: «**Олар қиямет күнінің өздеріне тұтқиылдан келуін күтіп жүр ме? Расында оның ғаламаттары (белгілері) келіп болды...**» (Мұхаммед сүресі, 18-аят).

Қияметтің үлкен және кіші белгілері бар. Олар төмендегідей:

Қияметтің үлкен белгілері:

1. **Дұхан.** Тұман деген ұғымды білдіреді. Бұл тұман жер бетін қаптаған сәтте мүминдер аздап тұмауратқан секілді болып, кәпірлер мас секілді болады.

2. **Дәжжал.** Бұл өзін жаратушы екендігін айта келетін бір жаратылыс. Оның қасында жалған жәннат пен тозақ болып, өзінің Рабб екендігін айтады және





адамдарды жәннат және тозақпен қорқыта отырып өзіне бойұсындырады.

3. **Дәббагул-ард.** Жер бетінде жай әрекет ететін жәндік мағынасын береді. Аллаһ Тағалаға Құран Кәрімде былай дейді: «... **Жерден оларға бір дабба (жануар) шығарамыз. Ол оларға адамдардың біздің аяттарымызға сенбейтін болып қалғандықтары туралы айтады**» (Нәміл сүресі, 82-аят).

4. **Күннің батыстан шығуы.** Күндерден жұма күні күн батыстан шығады. Бұл сәтте кәпірлердің иманы қабыл болмайды. Және де күнәға белшесінен батқан адамдардың да тәубесі қабыл етілмейді.

5. **Яжуж және Мәжуж.** Бұлар жер бетінде бұзақылық жасайтын бір топ қауым. Зұлқарнайн пайғамбар бұларды өз жерлерінен шыға алмасын деп, олардың үстіне қорғасыннан қамал тұрғызған болатын. Олар қиямет жақындағанда жер бетіне шығып, жан-жаққа тарайды. Құран Кәрімде былай баяндалады: «**Яжуж, Мәжуж (қамалы) ашылғанда олар төбе-төбеден жамырап шығады. Шынайы уәде болған қиямет жақындаған уақытта кәпірлердің көзі шарасынан шығып: «Япыр-ай! Біз бұдан қаперсіз қалып, нағыз залым болыппыз-ау» деседі**» (Әнбия сүресі, 96-97 аяттар).

6. **Иса пайғамбардың түсуі.** Ол жаңа пайғамбар болып келмейді. Керісінше ол Ислам дінін насихаттап, онымен амал етеді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бір хадисінде бұл жайында былай дейді: «*Жаным қолында*





болғанға ант етемін! Жақында Марямұлы Иса араларыңа әділ қазы ретінде түседі. Христиандардың крестін сындырып, халал деп есептеген доңызын өлтіреді» (Бұхари).

7. Шығыста, Батыста және Араб түбектерінде жердің шөгу оқиғаларының болуы.

8. Фырат өзенінің астынан үлкен алтын кенінің табылып, сол себепті адамдардың бір-бірлерімен соғысуы.

9. Хижаздан алаулаған үлкен оттың шығуы.

Қияметтің кіші белгілері

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хабар берген белгілерінің бір бөлігі мыналар:

- Амал мен ғибадаттың азаюы
- Фитна, жанжалдасу, пәле-жала және де уайым қайғының көбеюі
- Әдепсіздік пен сараңдықтың артуы
- Адамдардың бір-бірлерін себепсіз өлтірулері
- Істің маманы емес адамдарға берілуі
- Мұсылмандардың христиан және яһудилердің артынан еріп, солар секілді әрекет етулері
- Ғалымдардың азаюы, білетін кісілер емес, надандардың сөз кезегін алулары



СҮР ҮРЛЕУ

Үлкен періштелердің бірі болған Исрафил (а.с.) «сүр» делінген аспапты екі рет үрлейді.

Бірінші сүр: Сүрге алғаш үрленгенде, Аллаһтың қалауымен әлемдегі барлық нарсе өледі.

Екінші сүр: Бұл сүрмен өлгендер дереу тіріліп түрегеледі. Құранда былай баяндалады: **«Олар сүр үрленген уақытта қабірлерінен тұрып, Раббыларына қарай жүгіреді»** (Ясин сүресі, 51-аят).

Хашр – Тірілу (қайта тірілу)

Хашр – адамдардың қайта тіріліп есеп беру үшін махшар алаңына жиналуы. Қасеитті аятта: **«Адам өзін** (бұл дүниеде дін-иманға бұйырылмастан, ақыретте болса қайта тіріліп есеп-қисап жасалғанда өзінің бостан) **бос тастап қойылуын ойлап** (дәме етеді ме?!) **Ол** (жатырға) **төгілетін ұрықтан бір** (арзымайтын) **бел суы емес пе еді. Сосын, қою қан болды, кейін** (Аллаһ оны) **жаратып тік** (адам) **етті. Кейін одан еркек және әйел жұптарды** (пайда) **қылды. Міне, сол** (Аллаһ) **өліктерді тірілтуге құдіреті жетпей ме?** (Әлбетте, Аллаһтың бұған құдіреті жетеді)» (Қиямет сүресі, 36-40 аяттар). Басқа бір сүреде иман етпегендердің қайта тірілу туралы сұрақтарына мындай жауап беріледі: **«Олар: «Сүйекке және (шіріген) өліктерге айналып кеткен соң, тағы жаңадан жаралып тірілеміз бе?!» деді. Айт: «Сендер мейлі тас немесе темір болындар, немесе көңілдерінде (тірі екенін елестету) өте қиын болған басқа бірер жаратылыс болындар, (қандай болмасын**



Аллаһ сендерді тірілтеді)». Сонда олар: «Біздерді кім қайта тірілте алады?!» дейді. Сендерді алғаш Жаратқан деп айт! Сонда, олар бастарын шайқап: «Ол (күн) қашан болады?» деп (сұрайды). «Бәлкім жақында болар» деп айт!» (Исра сүресі, 49-51 аяттар).

Амал дәптерінің таратылуы

Дүниеде періштелердің тұтқан амал дәптері иелеріне таратылады. Бір бөлігіне оң жағынан бір бөлігіне сол немесе арт жағынан беріледі. Бұған байланысты аятта: «**Міне, сонда, кімнің амал дәптері оң жағынан берілсе, онда ол жеңіл есеппен есепке тартылады. Және өз (өзінің жәннаттағы) жанұясына қуанышты күйде қайтады. Енді, кімнің амал дәптері арт жағынан берілсе, онда, ол өлімді шақырып қалады және тозаққа кіреді**», - деп баяндалады (Иншиқак сүресі, 7-12 аяттар).

Уақфа және есеп

Махшарда барлық адамдар үшін Аллаһтың (кұзырында) алдындағы жері және дәрежесіне қарай көп немесе аз уақыт бір уақфа (тұрып тұру) күтуі болады. Күннің махшардағыларға өте жақын болғандығы себепті күту өте қиын және қайғылы болады, ең соңында Пайғамбардың (с.а.у.) дұғасымен үлкен сұрақ-жауап басталады. Хадис шәрифте айтылғанына қарағанда адамның бірінші намазы сұралады, кейін мына сұрақтар сұралады:

а) Өмірінің қалай өткізгендігі.





ә) Ілімін қандай жолда қолданғандығы.

б) Дүние-мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағандығы.

в) Денесін қай жолда тоздырғаны туралы.

Сырат

Сырат тозақтың үстінде құрылған бір көпір. Иманы мен жасаған амалдарына қарай кейбіреулер жай, кейбіреулер тез өтіп кетеді. Ал біреулер болса өте алмай тозаққа түседі. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Сол күні тозақтың үстіне бір көпір құрылады, көпірден ұмметімен бірге өткен Пайғамбарлардың біріншісі мен боламын», - деген* (Бұхари).

ЖӘННАТ ПЕН ЖӘҢНАМ.

Адамдардың ең соңғы кіретін екі жері бар жәннат немесе жәһәннам. Жәннат: Аллаһ Тағала иман еткендер үшін сый ретінде беретін таң қаларлық дәрежеде әдемі жер.

Жәһәннам: кәпірлер мен Аллаһқа қарсы шыққандар үшін жазасын тартатын өте қорқынышты жер. Жәннаттықтардың жәннатта мәңгі бақи қалатындықтары сияқты кәпірлер мен мұнафиқтар жәһәннамда мәңгі бақи қалады. Жәһәннам туралы аят-кәримада былай айтылады: **«Айт: (Бұл Құран) Раббыларың жағынан (келген) ақиқат. Демек, қалаған кісі иман келтірсін, қалаған кісі кәпір болсын.**





Расында Біз залым кәпірлер үшін (тозақтықтарды) жалындыра орап-шармап алатын тозақты әзірлеп қойғанбыз. Егер, олар (шөл қысқанда шыдамастан) су сұраса, ерітілген (қыздырылған) май сияқты, беттерін күйдіруші су беріледі. Ол нендей жаман сусын, ол нендей жаман орын!» (Кәһф сүресі, 29-аят).

Сонымен бірге Құран Кәрімде қаншама аяттарда жәннаттың әдеміліктері және нығметтері жайлы айтылады. Және де адамға қалаған әрбір нәрсесі берілетіндігі де айтылады. Жәннаттықтар соншама нығметтердің ішіндегі ең үлкен нығмет Аллаһты көрумен марапатталынады. Бұған байланысты Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Сіздер бір-біріңізбен таласпай осы айды қалай көріп тұрған болсаңдар, шүбәсіз Аллаһты да солай көресіңдер»* (Бұхари).

Сұрақ: Сауаптырына қарағанда күнәлары көп, бірақ мүмин кісілердің жағдайы не болады?

Жауап: Мұндай кісілерді егер Аллаһ кешірсесе, белгілі бір уақыт жәһәннамда жазасын тартады кейін жәннатқа кіреді.

ҚАЗА МЕН ҚАДАРҒА (ТАҒДЫРҒА) ИМАН.

Қаза және қадарға (тағдырға) сену иманның алты шартының бірі. Қадар (тағдыр) Аллаһтың барлық нәрсені бұрыннан белгілеуі және жазуы. Болатын және болған нәрселердің барлығы (біз білмейтін бір қаламменен) «Сақталған тақта» мағынасына келетін





«Лаухул махфузда» жазылған. Қаза болса тағдыр етілген нәрселердің жүзеге асуы.

Әлемдегі болмыстың пайда болуы, әрекеттері, оларда болатын әр түрлі өзгерістер тақдири илаһимен белгіленген, ешбір нәрсе өз-өзінен болмайды. Құран Кәрімде былай баяндалады: **«Не жерге, не өздеріңе ешбір қайғы жетпейді, тек (жетсе) Біз оны пайда етуімізден бұрын Кітапта (Лаухул-Махфузда жазылған) болады. Әлбетте, бұл Аллаһқа жеңіл»** (Хадид сүресі, 22-аят). Қадарға (тағдырға) байланысты маңызды жағдайлар: Егер адамдар өз тағдырларын өздері белгілейтін болғанында, қаламаған нәрселеріне еш жолықпас еді. Олай болса тағдырды Аллаһтың белгілейтіні хақ. Ал бізге жүктелген міндет, талаптанып барынша Аллаһқа бет бұру болып табылады.

Адамның белгілі-бір мақсатқа жетуі үшін оның өзіндік бір рөлі мен қалауы болады. Ал негізінде ол өз қолында емес. Себебі, адам қолынан келгенін жасап нәтижесі мен жеңістігін Аллаһ Тағаладан ғана күтеді. Аятта Шұғайып (а.с.) былай деген: **«... Мен, тек қана мүмкіншілігім барынша түзетуді қалаймын. Ал жетістігім Аллаһтың жәрдемімен ғана болады. Жалғыз Оған сүйендім және Оған жалбарынамын»** (Гүд сүресі, 88-аят).

Біле тұра қателік істеген бір кісі «Не істейін енді тағдыр сондай екен» деп айта алмайды. Өйткені, бізге еркін әрекет етуге мүмкіншілік берілген. Сол себепті біз істеген істерімізден жауаптымыз.



Аллаһтың әрбір ісінде және жаратуында бір хикмет және пайда бар. Сол үшін тағдырымызда бізге ұнамайтын нәрселер болған жағдайда да біз білмейтін басқа нығметтерді көз алдымызға келтіріп, бар екенін ойлап Аллаһтың жазмыш тағдырына разы болуымыз керек. Аят-кәримада Аллаһ бізге былай деп жол көрсетеді: **«... Сендер өздеріңе жақсыны жақтырмауларың және өздеріңе жаман болған нәрсені жақсы көрулерің мүмкін. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер»** (Бақара сүресі, 216-аят).

Тағдырға иман еткен кісі қалаған нәрсесіне қол жеткізе алмаған кезде көңіл-күйін түсірмейді (ренжімейді), жақсы нәрселер болған кезде дандайсып кетпейді. Өйткені, бұлардың барлығын Аллаһтың тағдырымен болып жатқанын біледі. Аятта былай делінген: **«Жер бетінде болсын, өздерінде болсын бастарыңа түскен қайғы-қасірет міндетті түрде біз оны жаратуымыздан бұрын сол кітапта (Лаухул-Махфузда) жазылған. Әлбетте бұл Аллаһқа жеңіл. Сендер қолдарыңнан кеткен нәрсеге қайғырмауларың және (Аллаһ) сендерге тарту еткен нәрсемен қуанып (дандайсып) кетпеулерің үшін (Біліп қойыңдар) Аллаһ барлық тәкаппар, мақтаншақтарды сүймейді»** (Хадид сүресі, 22-23 аяттар).

Аллаһ Тағала қауымның жағдайын жақсы болса жақсы жағынан, жаман болса жаман жағынан белгілейді. Аят-кәримада былай айтылады: **«Расында, бір қауым өздерін өзгертпейінше Аллаһ олардың жағдайын өзгертпейді»** (Рағьд сүресі, 11-аят). Адамдар



бастарына келген уайым-қайғының себебін өздерінен іздеулері керек. Аятта: «(Ей, адамдар!), **сендерге қандайда бір қайғы-қиыншылық жетсе, демек өз қолдарыңмен істеген күнәларың себепті (жетеді). Тағы Ол көп (күнәлардың жазасын берместен) кешіріп жібереді»** (Шура сүресі, 30-аят).

Жақсылық пен жамандық

Жақсылық: жақсы, пайдалы және сауап болатын нәрселер. Жақсылық пен жамандық Аллаһтан. Аятта былай бұйырылады: «... **Егер оларға (мұнафиқтарға) бір жақсылық жетсе «бұл Аллаһтың құзырынан» дейді. Ал, енді бір жамандық жетіп қалса «бұған сен себепшісің» дейді. Айт: «Барлық нәрсе Аллаһтан». Неліктен бұл қауымдар ешбір сөзді түсінбейді?»** (Ниса сүресі, 78-аят). Бірақ, жақсылық пен жамандықты жарататын Аллаһ тек жақсы нәрсе істегенімізді қалайды, жамандыққа қарсы екендігін ашықтаған.

Жаман деп ойлайтын нәрселерімізде бір хикмет болады. Мүмин үшін қиын болып көрінетін нәрселердің соңы жақсылық болуы мүмкін. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «*Мүминнің әрбір ісі жақсы болады. Басына бір қиыншылық келсе сабыр етеді, ол үшін жақсылық болады. Қуанышты бір жағдайда шүкір етеді, ол үшін тағы да жақсылық болады*» деген (Мүслим).

Һидаят пен Далалат

Һидаят: Туралық және тура жол деген мағынаға келеді.





Далалат: Тура жолдан шығу, адасу деген сөз.

- Аллаһ Тағала хақ пен батылды ашықтаған және адамдардан тура жолды қолдануларын қалаған, кейін оларды еркіне (берген) қойған. Ұлы Аллаһ Тағала былай бұйырады: **«Айт: (Бұл Құран) Раббыларың жағынан (келген) ақиқат. Демек, қалаған кісі иман келтірсін, қалаған кісі кәпір болсын. Расында Біз залым кәпірлер үшін (тозақтықтарды) жалындары орап-шармап алатын тозақты әзірлеп қойғанбыз...»**

(Кәһф сүресі, 29-аят).

Бірақ, ақылын дұрыс қолданбағандар бұдан сұралады.

Пайғамбарлар һидаят бере алмайды. Олардың міндеті жеткізетін жолды ашықтау. Құранда хақ Тағала Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) былай бұйырады: **«(Ей, Мұхаммед!) Анық Сен өзің сүйгендеріңді тура жолға сала алмайсың, бірақ Аллаһ Өзі қалағандарды тура жолға салады. Ол тура жол табушыларды жақсы біледі»** (Қасас сүресі, 56-аят).

Шайтан да ешкімді жолдан шығармайды. Шайтан тек қана жамандыққа апаратын жолға шақырады. Хақ Тағала шайтанға былай деген: **«(Аллаһ) айтты: Менің мойнымдағы тура жол осы. Шынында, Менің пенделерімнің үстінде сен үшін ешқандай билік жоқ, тек саған еріп адасқандарды ғана (бұл тура жолдан аздыра аласың)»** (Нижр сүресі, 42-аят).

Сұрақ: Жүрекке мөр басылу дегеніміз не? (Жүректің дақтануын қалай түсінеміз?)





Жауап: Жүректің иманға қарсы мөр басылуы. Аят кәримада былай баяндалады: **«Сонан соң серттерін бұзғандықтары, Аллаһтың аяттарына қарсы келгендіктері, Пайғамбарларды жазықсыз өлтіргендіктері және «Жүрегіміз құлып» дегендіктері үшін Біз оларды лағнеттедік. Жоқ, (олардың жүректері жай ғана құлыпталған емес), керісінше көпірліктері салдарынан Аллаһ олардың жүректеріне мөр басқан. Сондықтан, олардың өте азы иман келтіреді»** (Ниса сүресі, 155-аят).

ДҰҒА

Дұға Аллаһқа жасалады, жәрдем Аллаһтан сұралады. Негізгі нығметтерді берген және барлық нәрсеге күші жететін тең қана Ол. Фатиха сүресінде былай дұға етеміз: **«Өзіңе ғана құлшылық етеміз және Өзіңнен ғана жәрдем сұраймыз»** (Фатиха сүресі, 5-аят).

Дұғаларды Аллаһқа жеткізетін елшінің керегі жоқ. Тілеген нәрселер тікелей Аллаһқа жетеді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде: **«(Ей, Мұхаммед!) пенделерім сенен, Мен туралы сұраса (айт) Мен оларға жақынмын. Маған дұға қылған кездерінде дұға етушілердің дұғасын қабыл етемін. Ендеше, (олар да) Маған (дағуатыма-шақыруыма) жауап қылсын және Маған иман келтірсін. (Сонда), әрине тура жолды табады»** деп бұйырды (Бақара сүресі, 186-аят).



ТӘУЕКЕЛ

Тәуекел: Бір істі бастаған кезде және бір жұмысты істегеннен кейін тек Аллаһқа сеніп одан үміт ету, ол жұмыстың нәтижесін Аллаһтан күту. Аятта тәуекел ете отырып бір істің басталуы туралы былай бұйырылады: **«... Енді (кеңескеннен кейін бір істі) ниет етсең, Аллаһқа сүйен тәуекел ет! Әлбетте, Аллаһ өзіне тәуекел етушілерді сүйеді»** (Әли Имран сүресі, 159-аят).

Жұмыстың нәтижесін Аллаһқа тапсыру керек. Мысалыға, бір диқан жерді жыртып, тұқымын егеді. Барлық жұмысты істегеннен кейін нәтижесін Аллаһтан күтеді. Еңбегінің жемісін Аллаһтан үміт етеді. Мысалы, науқас адам жазылу үшін дәрігерге барады, берілген дәріні ішеді және нәтижесін Аллаһтан күтеді. Жазылып кетуі дәріден емес, дәріде шипа жаратқан Аллаһтан күтеді. Аятта Хазіреті Ибрахим былай деген: **«Науқас болған уақытымда, Оның өзі маған шипа береді»** (Шұғара сүресі, 80-аят).

Сұрақ: Жаман ырымға (сәтсіздікке) сенудің үкімі не?

Жауап: Жаман ырым деген нәрсе жоқ. Хадисте Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Жаман ырым шірк (яғни Аллаһқа серік қосу)»*, - деген (Тирмизи). Онда жаман ырымның кәффараты не деп сұрады. Сонда Хазіреті Пайғамбар (с.а.у.) былай бұйырған: *«Аллаһым Сенің қайырыңнан (жақсылығыңнан) басқа қайыр жоқ. Сенің тағдырыңнан басқа тағдыр жоқ. Сенен басқа (ешқандай) жаратқан жоқ деп айтуың»* деген.



Сұрақ: Көз тию дегеніміз не?

Жауап: Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Көз тию шындық»* (Бұхари) деп көз тиюдің бар нәрсе екендігін ашықтаған. Бірақ, көзмоншақтарды қолдану және олардың көз тиюдің алдын алуына сену дұрыс емес.

Сұрақ: Палшыға барудың үкімі не?

Жауап: Нақты харам. Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай бұйырған: *«Кімде-кім бір палшыға барып оған қандай да бір сұрақ сұраса және оның айтқандарын дұрыс деп қабылдаса, қырық күн бойы оның ешбір намазы қабыл етілмейді»* (Мүслим).

РИЗЫҚ

Ризық – барлық жандылардың өмір сүрулері үшін алатыны және ішіп-жейтіндері. Ризық беретін Аллаһ Тағала. Аят-кәримада: **«Жер бетінде өрмелеген нәрсенің барлығының ризық-несібесі Аллаһтың мойнында. Ол олардың тұрар жерлерін де, баратын жерлерін де біледі. Барлық нәрсе Кітапта ашық түрде бар»** (Һүд сүресі, 6-аят).

Пайғамбарымыз (с.а.у.) *«Адамдардың әр қайсысы ризықтарын бітірмегенше өлмейді»* деген (Ибн Мәжә).

Сонымен бірге адам жұмыс істеп, күш салып әрекеттеніп, ризығын табуы керек. Адам ризығын халалдан қаласа халадан, харамнан қаласа харамнан беріледі. Бірақ Аллаһ харамға разы болмайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.): *«Аллаһтан қорқыңдар және*





ризықтарыңды адал жолдардан іздеңдер» - деп бұйрады (Ибн Мәжә).

Аллаһ Тағала қалағанына мол ризық, қалағанына аз ризық береді және таршылықпен сынайды. Мүмин, кеңшілікте шүкір айтып, таршылықта сабыр етеді.

АЖАЛ

Ажал – өлім үшін тағдыр етілген уақыт. Ажал келгеннен кейін құтылатын ешқандай амал жоқ. Құран Кәрімде былай айтылады: **«Аллаһ ешбір жанды (біреуді) ажалы келген уақытта (кейінге) қалдырмайды. Аллаһ істеп жатқан амалдарыңнан хабардар»** (Мұнафиқун сүресі, 11-аят).

Басқа біреу жағынан өлтірілген болса да негізінде ажалымен келген. Сонымен бірге өлтірген адам жазасын алады.

Сұрақ: Кейбір амалдар өмірді ұзартатындығы айтылуда. Мұндай жағдайда ажал уақыты өзгерген бола ма?

Жауап: Жоқ, ажал уақыты өзгермейді, өмірдің ұзаруы, яғни берекелі болуы деген сөз. Ғалымдардың басқа бір көзқарасында Аллаһ Тағала ол кісінің өмірін ұзартып, бір амал жасайтындығын білгендіктен ажалын о бастан ұзақ етіп тағдыр еткен.

Аллаһ Тағала барлығымызды иманнан айырмасын және ең соңғы демімізді де иманменен беруді нәсіп етсін! (Амин)





"ХИҚМЕТ"
баспа үйі





Мазмұны

Кіріспе	3
Иман.....	5
Иман нені талап етеді.....	6
Сенім тұрғысынан адамдар.....	9
Иманға байланысты сұрақ-жауаптар.....	10
Иманның шарттары.....	14
Аллаһқа иман.....	15
Аллаһтың есімдері мен сипаттары.....	15
1. Ужуд.....	17
2. Уахданият	18
3. Қидам	19
4. Бәқа.....	19
5. Мухалафатун лил-хауадис	19
6. Қиям би-нәфсиһи	20
Аллаһтың субути сипаттары.....	20
1. Хаят.....	20
2. Ілім	20
3. Сәмиғ.....	21
4. Басар.....	21
5. Ирада.....	21
6. Қүдірет	22
7. Кәлам.....	22





8. Тәкуин	22
Пайғамбарларға иман	24
Пайғамбарлардың жіберілу мақсаты.....	25
Пайғамбарлардың ерекшеліктері	25
Пайғамбарлардың мұғжизалары	26
Пайғамбарлардың саны.....	27
Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) ерекшеліктері.....	27
Кітаптарға иман	29
Пайғамбарларға түсірілген 4 үлкен кітап	30
Құран Кәрімнің түсірілуі мен жинақталуы.....	31
Құран Кәрімнің ерекшеліктері	32
Періштелерге иман	34
Періштелердің ерекшеліктері	35
Періштелердің міндеттері	36
Жын мен шайтан	38
Ақырет күніне иман.....	40
Сүр үрлеу.....	47
Жәннат пен жәһәннам.....	49
Қаза мен қадарға иман	51
Дұға	55
Тәуекел.....	56
Ризық.....	57
Ажал	59



Аяттар мен хадистер аясында

ИМАН НЕГІЗДЕРІ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС

Алматы қаласы, Мамыр-4, №167

Байланыс тел.: 8 (727) 255-63-57, 255-63-41